

ШАРДАРАҒА ШЫРАЙ БЕРГЕН ЖОБА: ЖАҢА СУ ҚҰБЫРЫ ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы ауқымды жобалардың бірі – Шардара қаласында іске қосылған «Шардара» топтық су құбыры («Тама-Тастанбек») жобасы.

Көп жыл бойы тұрғындар үшін маңызды мәселе болған ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде бүгінде Шардара қаласының 30 мыңнан астам тұрғыны санитариялық талаптарға толық сәйкес келетін сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етілді.

Бұл жоба – ауылдық және қалалық елді мекендердің тұрмыс сапасын арттыруға, халыққа қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталған Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы зор бастамаларының нақты нәтижесі.

Жаңа нысанның ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев, Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және Шардара қаласының тұрғындары қатысты.

Іс-шара алдында Премьер-министрдің орынбасарына Түркістан облысында халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Өңірдегі су



нысандарының құрылысы, елді мекендерді ауыз сумен қамту деңгейі және алдағы кезеңге жоспарланған жобалар жөнінде баяндалды.

Жаңа су құбырының ашылу рәсімінде Қанат Бозымбаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықты сапалы ауыз сумен қамту Үкіметтің негізгі басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететін маңызды міндеттердің бірі. Бүгін іске қосылып отырған бұл

жоба Шардара қаласының әлеуметтік дамуына үлкен серпін береді. Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, – деді Қанат Бозымбаев.

Өз кезегінде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жаңа су жүйесінің іске қосылуы өңір үшін маңызды оқиға екенін атап өтті.

– Бұл жоба – Мемлекет басшысының тапсырмасы мен Үкіметтің қолдауы нәтижесінде жүзеге асқан халық үшін аса маңызды бастама. Ең бастысы, Шардара қаласының тұрғындары сапалы әрі қауіпсіз ауыз сумен толық қамтамасыз етілді. Бұл – халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам, – деді облыс әкімі.

Сапалы су – тұрғындардың өмір сапасының кепілі. Жобаның негізі 2008–2009 жылдары Шардара–Байыркүм жерасты су кен орнында жүргізілген қосымша барлау жұмыстарының нәтижесінде қаланды. Зерттеу барысында «Тама-Тастанбек» учаскесіндегі жерасты суларының бактериологиялық, радиологиялық және химиялық көрсеткіштері санитариялық талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды.

Жалғасы 2-ші бетте

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ - ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ТАНЫМАЛ ТУРИСТІК ӨҢІРЛЕРДІҢ БІРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді экономиканың жаңа өсу нүктесіне айналдыру, өңірлердің туристік әлеуетін тиімді пайдалану, тарихи-мәдени мұраны сақтау және халықаралық талаптарға сай туристік инфрақұрылым қалыптастыру жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Президент тапсырмасына сәйкес елімізде туристік саланы өртараптандыруға, инвестиция тартуға және сервистің сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Осы бағытта Түркістан облысында да жүйелі жобалар қолға алынып, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға басымдық берілуде.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Түркістан облысы 2026 жылдың алғашқы тоқсанында Қазақстан ішінде туристер ең көп демалған көшбасшы өңірлердің қатарына енді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің ресми мәліметінде жарияланды.

Түркістан облысы – тарихи, рухани және мәдени мұрасы бай өңір. Облыс аумағында 1792 тарих және мәдениет ескерткіші орналасқан. Оның ішінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 41 республикалық және 403 жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш бар. Сонымен қатар өңірде 264 орналастыру орны мен 117 емдік-сауықтыру ұйымы жұмыс істейді.

Туризмді дамытуда экологиялық бағытқа да ерекше мән берілуде. Облыс аумағында ЮНЕСКО биосфералық резерваттарының қатарына енгізілген «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» мемлекеттік табиғи қорықтары, сондай-ақ «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі мен «Сырдария–Түркістан» өңірлік табиғи паркі орналасқан. Бұл табиғи аймақтар экологиялық және белсенді туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік-логистика әлеуетін арттыру, теміржол инфрақұрылымын жаңғырту және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Осы бағыттағы жұмыстар аясында елімізде теміржол вокзалдарын жаңарту, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау және көлік жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

Президент тапсырмасына сәйкес қолға алынған осындай маңызды жобалардың бірі – Түркістан облысының Арыс қаласындағы «Арыс-2» теміржол вокзалының қайта жаңғыртылуы. Бүгін тоғыз жолдың торабында орналасқан шаһарда толықтай жаңартылған вокзал ғимараты салтанатты түрде пайдалануға берілді.

Жаңа нысанның ашылу рәсіміне Түркістан облысы әкімінің орынбасары Еркебұлан Дауылбаев, Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқараев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Нұрдаулет Байғазиев, теміржол саласының ардагерлері, қызметкерлері және қала тұрғындары қатысты.

АРЫСТА «АРЫС-2» ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ҚАЙТА АШЫЛДЫ

Салтанатты шара барысында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Еркебұлан Дауылбаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде көлік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде 124 теміржол вокзалын жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бүгін пайдалануға беріліп отырған «Арыс-2» вокзалы – осы ауқымды жұмыстардың бір бөлігі. Жаңартылған нысан жолаушыларға қолайлы жағдай жасап, қауіпсіз әрі сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл – өңірдің көлік инфрақұрылымын дамыту жолындағы маңызды қадам, – деді Еркебұлан Дауылбаев.

Өз кезегінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалының директоры Нұрдаулет Байғазиев жаңғыртылған вокзалдың теміржол саласындағы маңыздылығына тоқталып, жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Заманауи талаптарға сай

жаңа вокзал. Қайта жаңғыртылған вокзал ғимараты жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заманауи талаптарға толық сәйкес келеді. Нысанда ана мен бала бөлмесі, кең әрі жайлы күту залы, ақпараттық мониторлар, салқындату жүйесі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған арнайы жағдайлар және өзге де қажетті инфрақұрылым қарастырылған.

Сонымен қатар вокзал аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, перронның 5 мың шаршы метр аумағына жаңа асфальт жабыны төселді. Жолаушылар үшін қосымша күту орындары жасалып, заманауи жарықтандыру жүйесі орнатылды.

Жаңа вокзал тәулігіне 300-ден астам жолаушыға, ал жылына 65 мыңнан астам адамға қызмет көрсетуге есептелген. Қазіргі таңда Арыс теміржол торабы арқылы тәулігіне орта есеппен 18 пойыз өтеді. Оның ішінде 2 пойыз халықаралық бағытта қатынайды.

Арыс – маңызды көлік торабы. Арыс қаласы еліміздегі ірі теміржол тораптарының бірі саналады. Қаланың стратегиялық маңызы – оның Қазақстанның оңтүстік өңірлерін



өзге аймақтармен байланыстыратын маңызды көлік бағыттарының тоғысында орналасуында.

Вокзалдың қайта жаңғыртылуы тек жолаушыларға қолайлы жағдай жасаумен шектелмей, өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыруға, туристік және экономикалық байланыстарды дамытуға мүмкіндік береді.

Салтанатты рәсім барысында Теміржол торабы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейіт-

жан Байниязов ақ батасын беріп, жаңа вокзалдың халық игілігіне ұзақ жылдар бойы

қызмет етуіне тілектестік білдірді.

Іс-шара соңында қатысушылар салтанатты түрде көгілдір лентаны қиып, жаңарған вокзал кешенінің жұмысымен танысты.

Жалпы, «Арыс-2» теміржол вокзалының қайта жаңғыртылуы – Мемлекет басшысының көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының өңірлердегі нақты жүзеге асуының көрінісі.

Әлия ҚҰРАЛБЕК.

ШАРДАРА СУ ҚОЙМАСЫ – ӨҢІР ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су ресурстарын тиімді пайдалану, гидротехникалық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Осы бағытта елімізде су қорларын басқару жүйесін жетілдіруге, су нысандарын жаңғыртуға және өңірлердің су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Осы міндеттерді іске асыру барысын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев Түркістан облысына жұмыс сапарымен келіп, Шардара ауданындағы су шаруашылығы нысандарының жұмысымен танысты.

Сапар барысында Премьер-Министрдің орынбасары Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовпен

және Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровпен бірге «Шардара СЭС» АҚ өндірістік қызметін аралады.

Кездесу барысында өңірдегі су ресурстарын басқару, су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту және гидротехникалық нысандардың тиімділігін арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан жобалар таныстырылды.

«Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының өкілдері халықаралық қаржы институттарының қолдауымен іске асырылып жатқан жобалар туралы баяндады. Атап айтқанда, Ислам даму банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылып жатқан су шаруашылығы нысандарын жаңарту, суару жүйелерін жетілдіру және инфрақұрылымды жаңғырту жобаларының барысы қаралды.

Сонымен қатар Су ресурста-


ры және ирригация министрлігі тарапынан саладағы жаңа бастамалар, су қорларын тиімді пайдалану және алдағы кезеңге жоспарланған жобалар жөнінде ақпарат берілді.

Жұмыс сапары аясында Қанат Бозымбаев бастаған делегация Шардара су қоймасына барып, су деңгейін бақылау жұмыстарымен танысты. Мамандар гидротехникалық нысанның қазіргі жағдайы, техникалық мүмкіндіктері және қауіпсіздік шаралары жөнінде баяндады.

Шардара су қоймасы – Түркістан облысының ғана емес, еліміздің оңтүстігіндегі су ресурстарын реттеуде маңызды орын алатын стратегиялық нысандардың бірі. Оның тиімді жұмысы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға, елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге және энергетикалық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Сапар барысында вице-премьер су шаруашылығы саласының мамандарымен пікір алмасып, саладағы өзекті мәселелер мен алдағы міндеттерді талқылады. Жауапты басшыларға айтылған ұсыныстарды ескеру, жобаларды сапалы жүзеге асыру және су инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде тапсырмалар берілді.

Жалпы, Түркістан облысында су ресурстарын тиімді басқару, гидротехникалық нысандарды жаңғырту және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес жүйелі түрде жалғасуда.



СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту және суармалы жерлердің өлеуетін арттыру бағытында нақты міндеттер жүктеген болатын. Осы тапсырмаларды жүзеге асыру аясында елімізде су инфрақұрылымын жаңғырту, каналдар мен гидротехникалық нысандардың тиімділігін арттыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Осы бағыттағы жұмыстардың барысын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев Түркістан облысына жұмыс сапарымен келіп, Жетісай ауданындағы су шаруашылығы нысандарын аралады.

Сапар барысында вице-премьер Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровпен бірге Жетісай ауданындағы «Төуелсіздікке 20 жыл» каналының №1 және №2 сорғы станцияларының жұмысымен танысты.

Кездесу кезінде өңірдегі вегетациялық кезеңнің өту барысы, су ресурстарын тиімді басқару, суармалы алқаптарды қажетті көлемде ағын сумен қамтамасыз ету және шаруалардың сұранысын өтеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды.

Сондай-ақ мамандар каналдың қазіргі техникалық жағдайы, оның маңыздылығы және алдағы кезеңде жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы ақпарат берді.

«Төуелсіздікке 20 жыл» каналы мен оған қарасты №1 және №2 сорғы станциялары 2009-2011 жылдары Шардара су қоймасынан су көтеріп, «Достық» магистралдық каналы арқылы келетін су көлемі жеткіліксіз болған жағдайда қосымша су беру мақсатында салынған.

Ұзындығы 15,9 шақырымды құрайтын каналдың су өткізу мүмкіндігі секундына 60 текше метрді құрайды. Су жүйесінде жалпы 12 сорғы агрегаты орнатылған.

Аталған нысан Жетісай ауданындағы ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Өсіресе суармалы егіншілік дамыған өңір үшін каналдың тұрақты жұмыс істеуі – шаруалардың өнімді еңбек етуінің негізгі кепілдерінің бірі.

Қазіргі таңда каналдың кейбір бөліктерінің техникалық жағдайы нашарлап, су өткізу қабілеті төмендеген. Осыған байланысты нысанды күрделі жөндеуден өткізу, қалған 10,1 шақырым бөлігін бетондау және жобалық қуатын қайта қалпына келтіру қажеттілігі туындап отыр.

Жоспарланған жұмыстар толық жүзеге асқан жағдайда каналдың тиімділігі артып, шамамен 60 мың гектарға жуық суармалы алқапты тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар канал бойындағы елді мекендер мен инфрақұрылым нысандарының қауіпсіздігі күшейеді.

Сапар қорытындысында Қанат Бозымбаев суару маусымын сапалы ұйымдастыру, су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңарту және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қажетті көлемде ағын сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жеделдетуді тапсырды.

Түркістан облысында су ресурстарын тиімді пайдалану, суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және гидротехникалық нысандардың жаңғырту жұмыстары Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес кезең-кезеңімен жалғасуда.



ШАРДАРАҒА ШЫРАЙ БЕРГЕН ЖОБА: ЖАҢА СУ ҚҰБЫРЫ ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясының хаттамасына сәйкес жерасты су қоры 25 жыл мерзімге бекітілді.

Жоба аясында заманауи инженерлік талаптарға сай ауқымды құрылыс жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: жалпы ұзындығы 39,28 шақырым болатын диаметрі 500 миллиметрлік екі магистральды полиэтилен су құбыры тартылды;

көлемі 500 текше метр болатын екі және көлемі 5 мың текше метр болатын екі су резервуары салынды;

14 су алу ұңғымасы бұрғыланды, оның ішінде 12-сі тұрақты жұмыс істейтін, 2-еуі резервтік ұңғыма ретінде қарастырылды;

екі қосалқы станция мен суды тазарту қондырғылары орнатылды;

барлық инженерлік жүйелер толық іске қосылды.

Жаңа су құбырының жобалық қуаты төулігіне 24 мың текше метрді құрайды. Бұл Шардара

қаласының қазіргі және алдағы жылдардағы су қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өңірдегі инфрақұрылымдық жаңғыру жалғасады. Жаңа нысанның іске қосылуы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа мүмкіндік береді. Сапалы ауыз су – денсаулық сақтау, санитариялық қауіпсіздік және халықтың жайлы өмір сүруі үшін аса маңызды фактор.

Салтанатты шараға қатысқан шардаралықтар Мемлекет басшысына, Үкіметке және жобаны жүзеге асыруға үлес қосқан мамандарға ризашылықтарын білдірді.

Жалпы, Түркістан облысында Президент тапсырмасына сәйкес халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және елді мекендердің даму деңгейін арттыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасын табады.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Түркістан облысының Арыс қаласына қарасты Дермене ауылдық округіндегі Қаражантақ елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Ұзақ уақыт бойы тұрғындар көтеріп келген мәселе кезең-кезеңімен шешімін тауып, бүгінде аудандық маңызы бар жолдың сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Аталған жолды жөндеу қажеттілігі Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқа-раевтың халықпен өткізген есептік кездесулері мен жеке қабылдауларында бірнеше мәрте көтерілген болатын. Тұрғындардың ұсыныстары ескеріліп, жобаға қажетті қаржы облыстық бюджеттен бөлінді. Соның нәтижесінде

ҚАРАЖАНТАҚҚА БАРАТЫН ЖОЛ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

ұзындығы 6,6 шақырымды құрайтын автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары басталып, қазіргі таңда негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталу кезеңіне жетті.

Жаңартылған жол ауыл тұрғындарының күнделікті қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, жолаушылар мен жүк тасымалының тиімділігін жақсартуға және елді мекеннің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сапалы жол ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға негіз болады.

Қаражантақ елді мекенінде соңғы жылдары халықтың сұранысына сай бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, Ақжусан көшесіне заманауи түнгі жарық шамдары орнатылып, №1 көшеге қиыршық тас төселді. Сондай-ақ ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жаңа ойын алаңшасы пайдалануға берілді.

Бұдан бөлек, қазіргі уақытта елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Бұл жоба іске асқаннан кейін тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсарып, ауылдың инженерлік

инфрақұрылымы айтарлықтай нығая түспек.

Жалпы, Арыс қаласында тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстары негізінде жол, инженерлік желілер және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар ауылдық елді мекендердің өмір сүру сапасын арттыруға, өңірдің инфрақұрылымдық өлеуетін күшейтуге және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Жергілікті билік алдағы уақытта да тұрғындармен кері байланысты күшейтіп, облысқа қарасты ауылдардың жол-көлік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыратынын атап өтті.

ЖОНАРЫҚ АУЫЛЫНДА 200 ОРЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Сарыағаш ауданында халықтың әл-ауқатын арттыруға, кәсіпкерлікті қолдауға және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Осы мақсатта аудан әкімі Арман Абдуллаев бірқатар өндіріс орындары мен салынып жатқан әлеуметтік нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының сапасы мен орындалу мерзімін бақылап, жауапты мердігерлерге нақты міндеттер жүктеді.

Жұмыс сапарының алғашқы бағыты Қабланбек ауылдық округіне қарасты Жонарық елді мекені болды. Мұнда 200 орындық мәдениет үйі мен кітапхана ғимаратының құрылысы жүргізілуде. Болашақта бұл нысан ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандырып, түрлі қоғамдық іс-шаралар, шығармашылық үйірмелер мен мәдени кештер өткізілетін маңызды орталыққа айналады. Сонымен қатар кітапхана тұрғындардың рухани-танымдық қажеттілігін қамтамасыз етіп, жастардың білім мен әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрылыс алаңын аралаған аудан әкімі жұмыстардың жоспарланған қарқыннан төмен екенін атап өтті. Осыған байланысты мердігер ұйым өкілдеріне құрылыс қарқынын жеделдету, жұмысшылар санын көбейту, сапа талаптарын қатаң сақтау және нысанды белгіленген мерзімде пайдалануға беру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Қазіргі таңда нысанда сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар желдету жүйесін орнату, сыртқы инженерлік желілерді тарту және өзге де техникалық жұмыстар атқарылып жатыр. Аудан басшысы әрбір құрылыс кезеңі талапқа сай орындалып, сапалы нәтиже көрсетуі тиіс екенін ерекше атап өтті.

Жұмыс сапары барысында Арман Абдуллаев жергілікті кәсіпкер Алмахан Мауленовтың өндіріс орнында да болды. Кәсіпорында бетон және мәрмәр тасы қоспасынан абаттандыруға арналған орындықтар, қоқыс жәшіктері, гүл құмыралары мен өзге де сәулеттік бұйымдар өндіріледі. Сапалы өнімдері Түркістан облысы мен Шымкент қаласында жоғары сұранысқа ие болған өндіріс орны өңірдегі абаттандыру жұмыстарына өз үлесін қосып келеді.

Үш жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорында бүгінде бес адам тұрақты еңбекпен қамтылған. Сонымен қатар аудан әкімі кәсіпкердің тапсырыс негізінде арнайы бұйымдар тігетін тігін цехының жұмысымен танысып, өндірісті одан әрі кеңейту мен жаңа жұмыс орындарын ашудың маңыздылығына тоқталды.

Иссапар аясында аудан басшысы Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бостандық елді мекенінде салынып жатқан медициналық нысанның құрылысын да аралады. Қазіргі уақытта мұнда ішкі әрлеу, аумақты абаттандыру және асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Арман Абдуллаев мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, барлық жұмысты бекітілген кестеге сәйкес аяқтауды тапсырды.

Жаңа медициналық нысан пайдалануға берілгеннен кейін Бостандық ауылы тұрғындарының алғашқы медициналық-санитариалық көмекке қолжетімділігі едәуір жақсарды. Бұл өз кезегінде ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттырып, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сарыағаш ауданында жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырумен қатар, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын кешенді дамытуға бағытталған.

«ҚАУІПСІЗДІК АЗИМУТЫ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облысында тұрғындар мен демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «Қауіпсіздік азимуты» республикалық үгіт-профилактикалық акциясы өз жалғасын табуда. Аталған шараның негізгі мақсаты – төтенше жағдайлардың алдын алу, су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың санын азайту және халықтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Осы мақсатта Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері Шардара су қоймасының жағалауында кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Демалыс орындарына келген азаматтармен кездескен құтқарушылар судағы қауіпсіздік талаптарын жан-жақты түсіндіріп, арнайы ақпараттық жадынамалар таратты.

Акция барысында мамандар суға тек рұқсат етілген орындарда ғана шомылудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ балаларды су жағасында қараусыз

қалдырмау, мас күйінде суға түспеу, құтқару кеудешелері мен басқа да қорғаныс құралдарын пайдалану қажеттігі жөнінде кеңінен ақпарат берілді. Бұдан бөлек, төтенше жағдай орын алған кезде алғашқы әрекет ету тәртібі мен құтқару қызметіне жедел хабарласу жолдары түсіндірілді.

Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір азаматтың жеке жауапкершілігі екенін атап өтті. Қарапайым сақтықшараларын орындауда адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тұрғындар мен қонақтарды судағы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға және өздерінің ғана емес, жақындарының да қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Мұндай профилактикалық акциялар жазғы шомылу маусымы аяқталғанға дейін Түркістан облысының өзге де су айдындарында тұрақты түрде жалғасатын болады.

2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында Түркістан облысы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша еліміздегі ең жоғары нәтижеге қол жеткізіп, қысқа мерзімді экономикалық өсім қарқыны жөнінен республикада бірінші орынға шықты. Қаңтар-маусым айларының қорытындысы бойынша өңірдің қысқа мерзімді экономикалық өсімі 126,3 пайызды құрап, барлық өңірлер арасында үздік нәтиже тіркелді. Ал жалпы өңірлік өнім көлемі бірінші тоқсанда 1 триллион 129,9 миллиард теңгеге жетіп, нақты өсім 109,6 пайызды құрады.

Бұл көрсеткіштер Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен кеңейтілген алқа мәжілісінде жан-жақты сараланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, аудан және қала әкімдері, облыстық басқармалар мен жауапты мекемелердің басшылары қатысты. Басқосуда өңірдің бірірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары қаралып, әрбір сала бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасалды.

Облыс әкімі қол жеткізілген жоғары нәтижелердің барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың бірлескен еңбегінің жемісі екенін атап өте отырып, жоспарлы көрсеткіштерді толық орындай алмаған аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларына сын-ескертпелер айтты.

– Қысқа мерзімді экономикалық өсім бойынша облысымыз республикада бірінші орынға шықты. Бұл – ортақ еңбектің нәтижесі. Дегенмен кейбір аудан мен қала өздеріне жүктелген индикаторларды толық орындай алмады. Тоғыз айдың қорытындысына дейін барлық кемшіліктер толық жойылуы тиіс. Әрбір әкім өз аумағының экономикалық әлеуетін, инвестициялық мүмкіндігін және табыс

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАДА КӨШ БАСТАДЫ



көздерін терең білуі қажет. Сонда ғана тұрақты өсім қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар жаңа өндіріс орындарына жергілікті тұрғындарды кеңінен тартуға, жұмыспен қамту, туризм және білім салаларындағы мәселелерді шешуге басымдық берілуі керек, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гүлфари Әжіметова өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары жөнінде баяндама жасап, аудан, қала әкімдіктері мен облыстық басқармалар қызметінің тиімділігіне жүргізілген рейтинг нәтижелерін жариялады. Биыл бағалау үшін 111 индикатор бекітілсе, оның 93-і бойынша алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы шығарылған.

Рейтинг нәтижесінде аудан және қала әкімдіктері арасында Сауран, Түлкібас және Қазығұрт аудандары үздік үштікке енді. Ал Арыс қаласы, Отырар және Келес аудандары соңғы орындарға жайғасты.

Облыстық басқармалар арасында Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Мәдениет басқармасы және Дене шынықтыру және спорт басқармасы жоғары

нәтижелер көрсетсе, Туризм басқармасы, Білім басқармасы және Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы рейтингтің төменгі сатысында орналасты.

Жиын соңында рейтингте төмен нәтиже көрсеткен аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларының есептері тыңдалып, барлық индикатор бойынша нақты нәтижеге қол жеткізу, жоспарлардың толық орындалуын қамтамасыз ету және жауапкершілікті күшейту жөнінде тапсырмалар берілді. Сонымен қатар

өңірдегі экономикалық өсім қарқынын сақтап, инвестициялық белсенділікті арттыру, жаңа өндірістер ашу және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жүйелі жалғастыру міндеті қойылды.

Алғашқы алты айдың қорытындысы бойынша облыстың барлық негізгі салаларында тұрақты өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 873,3 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 132,4 пайызға артты. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 423,1 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 150,8 пайызды құрады. Тау-кен өндірісінің көлемі 378,9 миллиард теңгеге жетіп, 119 пайыздық өсім қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығы саласында 325,3 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 110,7 пайызды көрсетті. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 894,6 миллиард теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 144,4 пайызға артты. Оның ішінде 834,1 миллиард теңгесі немесе 92,6 пайызы жеке инвестициялар есебінен қалыптасты. Бұл өңірдің инвестициялық тартымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Құрылыс саласында да оң серпін сақталды. Атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 306,7 миллиард теңгені құрап, 125,5 пайыздық өсімге қол жеткізілді. Ал пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 474,9 мың шаршы метрге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 108,3 пайызды құрады.

Сауда саласының көлемі 476 миллиард теңгеге дейін ұлғайып, 121,4 пайыздық өсім тіркелді. Көлік және қоймалау қызметтері 155,7 миллиард теңгеге жетіп, 114,8 пайызға артса, байланыс саласында көрсетілген қызмет көлемі де өсіп, 109,6 пайыздық оң динамика қалыптасты.

Жалпы, 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығы Түркістан облысының экономикалық әлеуетінің артып, инвестициялық белсенділігінің күшейгенін және өңірдің тұрақты даму бағытын айқын көрсетті. Алдағы кезеңде өндірісті өртартапандыру, жаңа жұмыс орындарын құру, инвестиция тарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

ШОҚТАС ЕЛДІ МЕКЕНІ САПАЛЫ ЖОЛМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Түркістан облысының Кентау қаласында ауылдық елді мекендердің жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы мақсатта қалаға қарасты Хантағы ауылының Шоқтас елді мекенінде көше жолдарын жаңғырту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба тұрғындардың қауіпсіз әрі қолайлы қатынасын қамтамасыз етіп, ауылдың инфрақұрылымдық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі таңда Шоқтас елді мекенінде асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жол құрылысының барысын Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов арнайы барып көріп, мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасын қатаң сақтау, жұмысты белгіленген мерзімде әрі талапқа сай аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Жоба аясында жалпы ұзындығы 4,56 шақырымды құрайтын Шоқтас басты көшесі, Шоқтас ішкі көшесі және

Шоқтас саяжай көшесіне асфальтбетон жабыны төселеді. Бұл көшелердің жаңаруы ауыл тұрғындарының күнделікті қатынасын жеңілдетіп, көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырумен қатар, әлеуметтік және шаруашылық нысандарға қолжетімділікті жақсартады.

Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың маусым айында бас-талды. Бүгінде жол төсемінің негізін дайындау жұмыстары толық аяқталып, қазіргі кезде асфальтбетон жабынын төсеу кезеңі жүргізіліп жатыр. Барлық жұмыстар бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға және қолданыстағы құрылыс стандарттарына сәйкес орындалуда.

Аталған жоба 2027 жылға өтпелі болып табылады. Осыған байланысты құрылыс жұмыстары өндірістік кестеге сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Жобаның орындалу сапасы мен мерзімінің сақталуы тапсырыс беруші мекеме мен техникалық қадағалау ұйымының тұрақты бақылауында.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР ӨНДІРЕТІН ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Түркістан облысында өндіріс пен фармацевтика саласын дамытуға бағытталған ауқымды инвестициялық жобаға ресми түрде бастау берілді. Сауран ауданындағы «Туған» арнайы экономикалық аймағына қарасты «Ораңгай» қосалқы индустриялық аймағында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін заманауи зауыттың іргетасы қаланып, «Orzax Central Asia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңа өндіріс орнының уақыт капсуласын салу рәсімі өтті.

Бұл жоба елімізде фармацевтикалық өндірісті дамытуға, импортқа тәуелділікті азайтуға және жоғары қосылған құны бар өнім шығару арқылы өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі саналады.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және импортты алмастыратын өндірістерді құру жөніндегі тапсырмалары өңірде жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Облыс басшысының айтуынша, соңғы жылдары Түркістан облысында мақта-тоқыма, ет өңдеу, жүгері және жиназ өндірісі бағытындағы кластерлер қалыптасып, жаңа өндіріс орындары іске қосылды. Импортты алмастыру саясаты аясында жалпы құны 176 миллиард теңгені құрайтын 31 жоба пайдалануға берілген. Ал биыл жалпы инвестициялық көлемі 280 миллиард теңгені құрайтын 39 жоба жүзеге асырылуда.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ел экономикасын әртараптандырып, импорт алмастырушы өндірістерді дамыту міндетін жүктеді. Осы бағытта Түркістан облысында нақты нәтижелерге қол жеткізіліп келеді. Нарыққа жүргізілген талдау еліміздегі фармацевтикалық өнімдер мен биологиялық белсенді қоспаларды тұтыну көлемінің шамамен 100 миллиард теңгесі импортқа тәуелді екенін көрсетті. Бүгін іргетасы қаланып отырған бұл өндіріс – сол тәуелділікті азайтуға бағытталған маңызды жоба. Денсаулыққа қажетті өнімдерді өз елімізде өндіру – ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықтың маңызды кепілі. Зауыт толық іске қосылған кезде 500-

ге жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл жоба өңір экономикасының дамуына тың серпін беріп, отандық фармацевтика саласының әлеуетін арттырады деп сенеміз, – деді Нұралхан Көшеров.

Өз кезегінде «Orzax Central Asia» ЖШС-нің құрылтайшысы Алимogлу Селман Қазақстанда, оның ішінде Түркістан облысында инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасаған Қазақстан Үкіметіне және өңір басшылығына алғысын білдірді. Ол зауыт құрылысы белгіленген мерзімде аяқталып, өндіріс заманауи халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтінін жеткізді.

Сондай-ақ Түркістанның тарихи және географиялық артықшылықтарына тоқталған компания басшысы жаңа кәсіпорынның ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетті арттыруға да мүмкіндік беретінін атап өтті.

Жоба Сауран ауданындағы «Туған» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылады. Кәсіпорын құрылысына 10 гектар жер телімі бөлінген. Жалпы инвестициялық құны 20,4 миллиард теңгені құрайтын өндіріс орны-

ның құрылысы 2026–2027 жылдары жүргізіледі.

Зауыт толық іске қосылғаннан кейін жылына 464 миллион дана биологиялық белсенді қоспа өндіруге қауқарлы болады. Сонымен қатар 500 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, өңірде жоғары технологиялық өндірістің дамуына және білікті мамандардың қалыптасуына жол ашылады.

Айта кету керек, «Orzax Central Asia» ЖШС-нің құрылтайшысы – Түркиядағы биологиялық белсенді қоспалар өндірісі саласындағы жетекші компаниялардың бірі саналатын «Orzaks Pharmaceuticals and Chemical Industry Inc.» корпорациясы. Компания бүгінде әлемнің 50-ден астам еліне өнім экспорттап, 150-ден астам түрлі биологиялық белсенді қоспалар мен фармацевтикалық өнім шығарады.

Жаңа зауыттың іске қосылуы Түркістан облысының инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, Қазақстанның фармацевтика өнеркәсібіндегі әлеуетін күшейтуге, импорт үлесін қысқартуға және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамытуға мүмкіндік беретін стратегиялық маңызы зор жоба ретінде бағалануда.

МАҚТААРАЛДА 52 ОТБАСЫ ЖАА БАСПАНАНЫҢ КІЛТІНЕ ИЕ БОЛДЫ

Түркістан облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты баспанмен қамтамасыз ету, ауылдық аумақтарды дамыту және өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі тапсырмалары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Мақтаарал ауданында тағы бір әлеуметтік маңызы зор жоба іске асып, ондаған отбасының көптен күткен арманы орындалды.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің бақылауымен өңірде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, жаңа тұрғын үйлердің саны жыл сайын артып келеді. Бұл жұмыстар ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты көрінісі болып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №736 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында Жаңажол ауылдық округіне қарасты Фирдауси елді мекенінде салынған 100 тұрғын үйдің құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталды. Соның алғашқы кезеңінде 52 тұрғын үй «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтар мен көпбалалы отбасыларға табысталды.

Жаңа қоныс иелеріне пәтер кілттерін табыстау салтанатына Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов қатысып, тұрғындарды айтулы қуанышта-



рымен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде тұрғын үйдің әрбір отбасы үшін ерекше құндылық екенін айтып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдау халықтың өл-ауқатын арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Жаңа тұрғын үйлер заманауи талаптарға сай салынып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті барлық инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, үйлерге табиғи газ, электр энергиясы, ауыз су және көріз жүйесі толық тартылған. Сонымен қатар тұрғын үй аумағы толық абаттандырылып, асфальт-бетон жабыны төселіп, кіреберіс жолдар ретке келтірілген.

Әрбір тұрғын үйдің жалпы аумағы 63 шаршы метрді құрайды. Баспаналарда кіреберіс дәліз, үш тұрғын бөлме, ас үй және санитарлық торап қарастырылған. Бұдан бөлек, әрбір үйге 7 сотық жер телімі берілген. Бұл тұрғындарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, бау-бақша егіп, қосымша табыс табуға және тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жаңа баспананың кілтін ие болған тұрғындар мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үшін риза-

шылықтарын білдіріп, көп жылдан бері күткен армандарының орындалғанын айтты. Олар облыс және аудан басшылығына алғыстарын жеткізіп, жаңа қоныстың балаларының болашағы мен отбасының берекелі өміріне берік негіз боларына сенім білдірді.

Айта кетейік, Фирдауси елді мекенінің инфрақұрылымын кешенді дамыту жұмыстары мұнымен шектелмейді. Жақында «Жаңажол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Ақжол елді мекенінен Фирдауси ауылына көшіріліп, әкімдік жұмысы жаңа ғимаратта жұмысын бастады. Сонымен қатар алдағы уақытта елді мекенде спорт және балалар ойын алаңдарын, сондай-ақ жаңа мәдениет үйін салу жоспарланып отыр.

Жалпы, Түркістан облысында тұрғын үй құрылысын дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру және ауылдық аумақтарды кешенді жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Мұндай жобалар халықтың тұрмыс сапасын жақсартып қана қоймай, өңірдің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға және ауылдардың тұрақты дамуына тың серпін беруде.

СОЗАҚТА ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық аумақтарды дамыту, елді мекендердің инженерлік және көлік инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жөнінде нақты міндеттер жүктеген болатын. Президент тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында ауылдарды жаңғырту, жол сапасын жақсарту және халыққа қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Осы бағыттағы жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тұрақты бақылауында. Өңірдің шалғай ауылдарына дейін сапалы жол жеткізу – әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылып отыр. Осыған байланысты Созақ ауданында елді мекендердің көше-жол желісін жаңарту жұмыстары қарқын алған.

Аудан орталығы – Шолаққорған ауылдық округінде жалпы ұзындығы 8,635 шақырымды құрайтын 13 көшеге асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда Жеткіншек мөлтек ауданындағы А.Төребеков, Атауы жоқ №1, С.Төлендіұлы және Атауы жоқ №2 көшелерінде жол төсеу жұмыстары атқарылып жатыр.

Жол жөндеу барысын Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы аралап, құрылыс жұмыстарының сапасы мен орындалу қарқынын тексерді. Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, жол құрылысы кезінде белгіленген талаптарды сақтау, жұмысты сапалы орындау және бекітілген мерзімнен кешіктірмеу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Алдағы кезеңде Кіші Балдысу, Б.Тастыбаев, К.Тұрымбеков, Жібек жолы №3, Абылай хан, Т.Тоқбергенов, Жібек жолы-1, Ж.Меймандосов және Достық көшелеріне асфальт жабындысы төселеді. Сонымен қатар Абай елді мекеніндегі Шөкәрім-2, Қайсенов-2, Атауы жоқ №1 және Атауы жоқ №2 кө-

шелерінде де жол жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Биыл Созақ ауданында жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жоспарланған. Жалпы аудан көлемінде елді мекендер ішіндегі 39,5 шақырымды құрайтын 55 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Оның ішінде Шолаққорған, Созақ, Таукент, Жуантөбе, Тасты, Шу және Қаратау ауылдық округтеріндегі жалпы ұзындығы 31,7 шақырым болатын 39 көшеге асфальт жабындысы төселеді. Ал Қарақұр, Шаға, Ақсұмбе, Тайқоңыр, Қыземшек және Тасты ауылдық округтеріндегі жалпы ұзындығы 7,8 шақырымды құрайтын 16 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Жол сапасын арттыру жұмыстары ауылшілік көшелермен ғана шектелмейді. Аудандық маңызы бар КХСЗ-12 «КХ-57 – Созақ – Бақырлы – Ақсұмбе» автомобиль жолының 11,05 шақырымын орташа жөндеу жұмыстары да аяқталу кезеңіне жетті. Жоба толық аяқталғаннан кейін тұрғындардың ауданішілік және ауыларалық қатынасы жеңілдеп, көлік қозғалысының қауіпсіздігі арта түседі. Нысанды ағымдағы жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сапалы жол – ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды инфрақұрылымдық негіз. Созақ ауданында жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар тұрғындардың күнделікті тұрмысын жақсартып, елді мекендердің дамуына, кәсіпкерлік белсенділіктің артуына және халыққа қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының ауылдарды дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында Түркістан облысында жол, ауыз су, газ, әлеуметтік нысандар және басқа да маңызды инфрақұрылым бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да кезең-кезеңімен жалғаса бермек.

ЗАҢСЫЗ ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫ ЖОЙЫЛЫП, ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Шымкент қаласында қоршаған ортаны қорғау, тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы кешенді жұмыстар жалғасуда. Қала тазалығын сақтау, заңсыз қоқыс орындарының алдын алу және қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттыру мәселелері тұрақты бақылауда.

Бұл бағыттағы атқарылған жұмыстар Экология департаментінің 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы қызмет қорытындысы барысында талқыланды.

Жыл басынан бері қала аумағындағы санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында аудан әкімдіктерімен бірлесіп, рұқсат етілмеген қоқыс орындарын анықтау және жою бойынша бірқатар рейдтік және мониторингтік іс-шаралар ұйымдастырылды. Нәтижесінде төрт аудан аумағынан анықталған 20 заңсыз қоқыс орны сәуір-мамыр айларында толық тазартылды.

Сонымен қатар «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының ғарыштық мониторинг жүйесі арқылы маусым айында тағы 30 заңсыз қоқыс орны анықталды. Аудан әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысының нәтижесінде бұл аумақтар да толық ретке келтіріліп, атқарылған жұмыстар арнайы ақпараттық жүйеге енгізілді.

Қалдықтарды тиімді басқару саласында да нақты нәтижелер бар. 2026 жылдың алғашқы алты айында қаладағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына 121 мың тоннадан астам қалдық қабылданған. Оның ішінде 43,9 мың тоннасы сұрыптау желісіне жіберіліп, қайта өңдеуге бағытталған қалдықтардың үлесі 36,2 пайызды құрады.

Бүгінде Шымкент қаласында 573 қоқыс алаңшасы мен 3 070 контейнер тұрғындарға қызмет көрсетуде. Қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін қалыптастыру мақсатында

пилоттық жоба аясында төрт мекенжайда заманауи үлгідегі қоқыс алаңшалары орнатылды. Әр алаңша сегіз контейнермен жабдықталған. Оның бесеуі тұрмыстық қалдықтарға арналса, үшеуі қағаз, пластик, шыны және алюминий секілді қайта өңделетін материалдарды бөлек жинауға бағытталған.

Алдағы кезеңде қала аумағында осындай 100 заманауи қоқыс алаңшасын орнату жоспарланып отыр. Бұл бастама қалдықтарды сұрыптау жүйесін жетілдіруге және қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтуға мүмкіндік береді.

Экология саласындағы жұмыстар тұрғындармен тығыз байланыс орнату арқылы да жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері Еңбекші және Абай аудандарында халықпен кездесулер өткізіліп, атмосфералық ауа сапасы, тұрмыстық қалдықтарды басқару, санитарлық тазалық және табиғатты қорғау мәселелері талқыланды. Тұрғындар көтерген мәселелер тиісті органдардың бақылауына алынып, шешу жолдары қарастырылуда.

Экологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған «Экологиялық сағаттар» ұйымдастырылды. Кездесулер барысында жастарға табиғатты қорғау, қалдықтарды сұрыптау, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану және экологиялық заңнама талаптары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге студенттер департамент зертханасында тәжірибеден өтіп, қоршаған орта сапасын зерттеу бағытындағы жұмыстармен танысты.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында да бірқатар маңызды шаралар өткізілді. Эковолонтерлердің қатысуымен тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамалар қолдау тапты.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

– «Жол – тіршіліктің күретауыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бөрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

– Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық



Қ.ТОҚАЕВ: «БЕЙНЕУ – СЕКСЕУІЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУҚЫМДАҒЫ АВТОЖОЛ

жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жақында Сарыағаш айнама жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа

даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады.

АЛМАТЫДА ЖАҢА ЗАМАНАУИ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Алматыда ауысымына 350 адам қабылдайтын заманауи емханасы бар, 250 орынға арналған жаңа көпбейінді онкологиялық орталықтың құрылысы жоспарланып отыр. Жоба мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Бұл оны іске асырудың келесі кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахымның төрағалығымен өткен 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша алқа отырысында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов мәлімдеді.

Жаңа орталық қаладағы ең заманауи медициналық мекемелердің біріне айналады. Мұнда науқастар онкологиялық көмектің толық спектрін – ерте диагностикалаудан бастап жоғары технологиялық емдеуге және кейінгі оңалтуға дейін ала алады.

Орталық құрамында 250 орынға арналған тәулік бойы жұмыс істейтін стационар, химиотерапия жүргізуге арналған 80 орындық күндізгі стационар, консультациялық-диагностикалық емхана, сәулелік терапия және химиотерапия бөлімшелері, роботтандырылған



хирургиямен жабдықталған заманауи операциялық блок, жансақтау және қарқынды терапия бөлімшесі, эндоскопиялық және трансфузиологиялық орталықтар қарастырылған.

Диагностикаға ерекше назар аударылады. Орталық жоғары дәлдіктегі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи клиникалық-диагностикалық, молекулалық-генетикалық және патоморфологиялық зертханалармен жабдықталады. Онда онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтап, емдеудің ең тиімді әдістерін таңдауға мүмкіндік беретін зерттеулер жүргізіледі. Сон-

дай-ақ жоба цифрлық медициналық архивті, ахуалдық орталықты және ісікке қарсы препараттарды автоматтандырылған жүйе арқылы дайындайтын госпитальдық фармация бөлімшесін құруды көздейді.

Жобаны іске асыру жоғары технологиялық онкологиялық көмек көрсету мүмкіндігін едәуір кеңейтіп, диагностика мен емдеудің заманауи әдістерінің Алматы тұрғындары үшін қолжетімділігін арттыруға және қаланың онкологиялық қызметін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Жаңа онкологиялық орталықтың

құрылысымен қатар, Алматыда денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған ірі жобаларды іске асыру жалғасуда.

Қазіргі уақытта қалада 10 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында №7 қалалық клиникалық аурухананы қайта жаңғырту, екі перзентхананың, бес емхананың құрылысы, №16 қалалық емханы және №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының қосымша ғимаратын сейсмикалық күшейту жұмыстары бар.

Тағы 12 нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде, ал құрылыс-монтаж жұмыстарын 2027 жылы бастау жоспарланған.

Денсаулық сақтау нысандарына күрделі жөндеу жұмыстары да жалғасуда. 2026 жылы үш нысандағы жұмыс толық аяқталды, тағы екі нысанда жұмыс аяқталу сатысында.

Сонымен қатар тағы 10 нысанға күрделі жөндеу жүргізуге дайындық жұмыстары жалғасып жатыр. Оның ішінде бес нысан бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, қалған бес нысан бойынша оң қорытындыны биылғы тамыз–қыркүйек айларында алу жоспарланып отыр.

Әдетте адамдар қапасты тек темір тор мен биік қабырға деп түсінеді. Алайда оның шынайы ауыртпалығын басынан өткерген адам ғана толық сезіне алады. Бұл – адамның өткен өмірімен бетпе-бет қалып, әрбір жасаған ісін саралайтын орны. Еркіндіктің қадірін көбіне одан айырылған кезде ғана түсінеді екенсің. Қапаста өткізген әрбір күн уақыттың қаншалықты қымбат екенін ұғындырады.

Мен, Мейірхан Қуатұлы Урумбаев, 2002 жылы туғанмын. Қазіргі уақытта Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №54 орташа қауіпсіз мекемесінде жазамды өтеп жатырмын.

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2024 жылғы 24 қаңтардағы үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 429-бабының 2-бөлігі бойынша, ҚК-нің 60-бабының 1 және 4-бөліктері қолданыла отырып, 2022 жылғы 26 желтоқсандағы сот үкімімен ҚК-нің 122-бабының 3-бөлігінің 1) тармағы бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігі ішінара қосылып, түпкілікті 12 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Жаза мерзімінің басталуы – 2024 жылғы 15 қаңтар, аяқталуы – 2035 жылғы 21 ақпан.

Түзеу мекемесіндегі өмір маған сабыр мен төзімділікті үйретті. Ол адамның мінезін шыңдап, өткен өміріне және болашағына мүлде басқа көзқараспен қарауына ықпал етеді. Мен де осындай сыннан өтіп жатқан адамдардың бірімін. Өткенді өзгерту мүмкін емес. Бірақ одан сабақ алып, өзіңді өзгертіп, жаңа өмір бастауға әрқашан мүмкіндік бар деп ойлаймын.

Ең ауыр жаза – тек бостандықтан айырылу емес, жақындарыңның сеніміне сызат түсіру. Қапастағы өмір адамға жауапкершіліктің, адалдықтың және

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІНДЕ КӨП НӘРСЕНІ ТҮСІНДІМ

дұрыс таңдау жасаудың қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Әрбір адам қателесуі мүмкін. Алайда сол қателігін мойындап, одан қорытынды шығарып, түзелуге шынайы ұмтылу – нағыз күштің белгісі.

Түрмедегі өмір адамның жан дүниесіне терең із қалдырады. Күнделікті тіршілікте мән бермей жүрген қарапайым дүниелердің өзі қолжетімсіз болған кезде, өкініш өзегінді өртейді. Отбасыңды, жақындарыңды, туған үйіңді сағынасың. Кеше ғана қалыпты болып көрінген өмірдің бәрі алыстағы сағымға айналады. Еркін жүрген күндерді еске алу жүрекке ауыр салмақ түсіреді. Бір сәттік қателік жылдарға созылған өкінішке ұласуы мүмкін екенін сонда түсінесің.

Мен де күн сайын: «Егер уақытты кері қайтара алсам ғой...» деген оймен арпалысамын. Бәлкім, жас болдым, бәлкім, әрекетімнің салдарын дұрыс бағамдай алмадым. Бірақ жасаған қылмысыма өкінбеген күнім болған емес. Темір тордың арғы жағында қалған сәттен бастап адам өзінің іс-әрекетіне сын көзбен қарап, өмірдің шынайы құндылықтарын түсіне бастайды екен.

Қазір мен өзімнің іс-әрекетім үшін жақындарымның алдында ұяламын. Әсіресе, анам үшін қатты алаңдаймын. Оның үмітін ақтай алмағаным жанымды ауыртады. Соған қарамастан, бір күні бостандыққа шығып, қоғамға қайта оралып, адал еңбекпен өз жолымды табатыныма сенемін.

Егер рақымшылыққа ілігіп, бостандыққа шығуға мүмкіндік берілсе, алдыма қойған жоспарларымды жүзеге асырғым келеді. Адал еңбек етіп, қоғамға пайдамды тигізсем деймін. Болашақта өмірлік серігімді кездестіріп, отбасын құруды армандаймын. Перзент сүйіп, балама жауапты әрі жақсы әке болу –

менің басты өмірлік мақсаттарымның бірі.

Қоғамда кез келген қылмыстың жазасыз қалмайтынын ешкім ұмытпауы керек. Қылмыс жасаған адам тек өзінің тағдырын ғана емес, ата-анасының, туған-туыстарының және айналасындағы адамдардың өмірін де қиындатады. Бір сәттік ашу-ызаға, жеңіл табысқа немесе теріс әрекетке бой алдырудың салдары кейде бүкіл өміріңе жететін өкінішке айналады. Мұны мен өз басымнан өткергеннен кейін сенімді түрде айта аламын.

Түзеу мекемесі – қылмыс жасаған адамның жаза-сын өтейтін орын ғана емес. Ол адамның өз қателігін түсініп, түзелуіне және болашақта мұндай әрекетті қайталамауына ықпал етуі тиіс. Бостандықтан айырылған адам отбасының, достарының, туған жерінің және қоғамның қадірін бұрыңғыдан да терең сезінеді.

Дәл қазір мен жасаған қылмыстарыма шын жүректен өкінемін. Болашақта мұндай қателіктерге қайта жол бермеуге өзіме уәде беремін. Бұл жай ғана сөз емес, түзеу мекемесінде өткізген күндерімнен шығарған өмірлік қорытындым.

Қоғам да өз қателігін мойындап, түзелуге шынайы ниет білдірген адамдарға мүмкіндік беруі керек деп ойлаймын. Өйткені әрбір адам қателесуі мүмкін. Ең бастысы – қатені мойындау, одан сабақ алу және оны қайталамауға күш салу.

Рақымшылық біз секілді жандар үшін тек бостандыққа шығу мүмкіндігі ғана емес. Ол – адамға түзелгенін ісімен дәлелдеп, жаңа өмір бастауға берілетін екінші мүмкіндік. Әрбір жаңа күннен үміт күтетінім секілді, менің де рақымшылықтан үмітім зор.

Мейірхан УРУМБАЕВ,

Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша ҚАЗ департаментінің №54 орташа қауіпсіз мекемесінде жазасын өтеуші

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес арнаулы салық режимдері шағын және орта бизнесті қолдау, салықтық есептілікті жеңілдету және кәсіпкерлік қызметті заңдастыру мақсатында қолданылады. Жаңа кодекске сәйкес патент негізіндегі арнаулы салық режимі мен бөлшек салық режимі алып тасталды. Сонымен қатар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін арнайы жеңілдетілген тәртіп қарастырылып, мобильді қосымшалар арқылы тіркелу және төлем жасау мүмкіндігі сақталды.

Қазіргі таңда негізгі арнаулы салық режимдеріне:

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі

- Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі

- Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық рережимдері жатады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін - жалдамалы жұмысшы қызметін пайдаланбайтын жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар пайдалана алады. Шекті кіріс мөлшері бір айда 300 АЕК аспауы тиіс.

Бұл режимді қолдануға рұқсат етілген 40 қызмет түрінің тізімі бекітілген (такси қызметі, жеке тұрғын үй және пәтерлерді жалға беру, шаштараз, пошталық және курьерлік қызмет, сетевой маркетинг, фотосурет саласы, спорт және мәдениет саласында білім беру және т.б).

Салық ставкасы 4% әлеуметтік төлемдер төленеді.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін - дара кәсіпкерлер мен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары пайдалана алады. Шекті кіріс мөлшері бір жылда 600 000 АЕК аспауы тиіс. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға тыйым салынған 44 қызмет түрлерінің тізімі бекітілген. Салық ставкасы 4% мөлшеріндегі (жергілікті өкілді органдардың мөлшерлемені 50%-ға дейін төмендету/арттыру құқығымен) жеке табыс салығы/ корпоративтік табыс салығы және белгіленген мөлшерлердегі әлеуметтік төлемдер төленеді.

Шаруа және фермер қожалықтарына арналған режимі - ауыл шаруашылығы саласындағы шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған. Бұл режим салықтық жүктемені азайтып, аграрлық саланы дамытуға бағытталған. Салық ставкасы 0,5 % мөлшеріндегі жеке табыс салығы және белгіленген мөлшерлердегі әлеуметтік төлемдер төленеді.

Жаңа Салық кодексінде электронды сервистерді пайдалану кеңейтіліп, салық есептілігін онлайн тапсыру және төлемдерді электронды түрде жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Арнаулы салық режимдерін дұрыс пайдалану кәсіпкерлердің заң талаптарын сақтап, өз бизнесін тұрақты дамытуына мүмкіндік береді.

Рахым АСАНОВ,

Тұран ауданы бойынша

Мемлекеттік кірістер

басқармасының бас маманы

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА КЕҢЕС: ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛІҢІЗ!

Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтары арнайы заңнамалық нормалармен қорғалады. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ сатушылар мен қызмет көрсетушілердің міндеттерін белгілеуге бағытталған. Тұтынушының құқығы тауардың сапасына, қауіпсіздігіне, оның құны мен сипаттамалары туралы толық ақпарат алуына байланысты мәселелерді қамтиды.

Егер сатып алынған тауар сапасыз болып шықса немесе көрсетілген қызмет талаптарға сәйкес келмесе, тұтынушы өзінің заңды талаптарын қоюға құқылы. Тұтынушының құқығы бұзылған жағдайда ең алдымен сатушыға немесе

қызмет көрсетушіге жазбаша наразылық (претензия) жолдау қажет. Наразылық хат – туындаған мәселені сотқа дейінгі тәртіппен шешуге мүмкіндік беретін тиімді құрал. Онда тұтынушы анықталған кемшіліктерді көрсетіп, өз талабын нақты түрде білдіреді. Егер кәсіпкер тұтынушының заңды талабын орындамаса немесе жауап бермесе, тұтынушы Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 42-5-бабында көзделген тәртіппен тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға жүгіне алады.

Мысалы, азамат тұрмыстық техника сатып алып, кепілдік мерзімі ішінде ақау анықтаған жағдайда, алдымен сатушыға наразылық хат ұсынуға құқылы. Егер мәселе шешілмесе, заңнамада белгіленген тәр-

тіппен тиісті мемлекеттік органдарға шағымдана алады. Қазіргі уақытта тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру ерекше маңызға ие. Өз құқықтары мен міндеттерін білетін азамат сапалы қызмет көрсетуді талап етіп қана қоймай, нарықтағы жауапкершілікті кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы басты мақсат – азаматтардың сенімін арттыру, сапалы тауарлар мен қызметтердің ұсынылуын қамтамасыз ету және әділ тұтынушылық ортаны қалыптастыру. Сондықтан әрбір тұтынушы өз құқықтарын біліп, қажет болған жағдайда оларды заңды жолмен қорғауы қажет.

Түркістан облысы

Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығына сай және ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспары негізінде төмендегі көрсетілген жер учаскелері туристік және рекреациялық мақсатқа ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендер өткізілетінін хабарлайды.

№ 3 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Сайрамсу шатқалы, 6-орамның 7, 8, 9-телімдері. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 3,0 га.

№ 8 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Қасқасу шатқалы, 17-орам, 25-телім. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Учаскенің ауданы — 4,0 га.

№ 9 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Сарыайғыр шатқалы, 17-орам, 4, 5-телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Учаскенің ауданы — 1,5 га.

№ 10 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Қасқасу шатқалы, 14-орам, 1, 7, 8-телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Учаскенің ауданы — 2,5 га.

№ 12 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Сайрамсу шатқалы, 6-орамның 52, 61, 69, 70, 75-телімдері. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету

объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 2,0 га.

№ 13 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Сарыайғыр шатқалы, 4-орамның 20, 23, 24-телімдері. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 2,0 га.

№ 16 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Сайрамсу шатқалы, 4-орамның 3, 4-телімдері, 5-орамның 1, 2-телімдері. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 1,0 га.

№ 18 лот.. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Сайрамсу орманшылығы, Қасқасу шатқалы, 14-орам, 16, 20-телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Учаскенің ауданы — 1,0 га.

№ 24 лот. Учаскенің орналасқан жері: Төлеби филиалы, Біркөлік орманшылығы, Біркөлік шатқалы, 15-орамның 37,38,39,40,41,42-телімдері. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 7,0 га.

№ 26 лот. Учаскенің орналасқан жері: Түлкібас филиалы, Көкбұлақ орманшылығы, Балықтың көлі, 43-орам, 6, 11, 16, 18, 19, 20-телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Учаскенің ауданы - 3,0 га.

Тендерлік өтінімдер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде, яғни 14-ші тамыз күні сағат 17:30 ға дейін қабылданады.

Тендерлік комиссия орналасқан мекенжай: Шымкент қаласы, Ғ.Иляева 24/1 үй, 3 қабат, 302 бөлме. Анықтама сымтетіктері:

8(7252) 21-28-87, факс:21-27-52

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері, Түркістан облысы және Шымкент қаласының Құрметті азаматы

Досыбай Айтбайұлы ШЕРІМҚҰЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайығысына ортақтаса отырып көңіл айтады.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Тулеевой Катиры Ниятовны, умершей 16.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Карабаевой Р.К. г.Шымкент ул. Рыскулова 80. Тел.: 8 701 741 27 45;

*** Открылось наследство после смерти гр. Ережеповой Улбосын Матенкызы, умершей 29.04.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент, ул. Рыскулова 80. Тел.: 8 707 848 38 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кулимова Усена Умирбековича, умершего 04.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумашиевой А.К. г.Шымкент, ул. Байтерекова 89; Тел.: 8 778 330-24-83;

*** Открылось наследство после смерти гр. Шошкиной Людмилы Николаевны, умершей 08.07.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Мырзақұл Р.С., г.Шымкент ул.Алдиярова №95;

*** Открылось наследство после смерти гр. Адирова Уразбая Мирзабековича, умершего 27.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент, ул.Мадели кожа, зд. 1 Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705 682-20-75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Джаманбаева Бауыржана Байдусеновича, умершего 04.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Орынбаевой Э.А. г.Шымкент, ул.Байтурсынова №88В. Тел.: 8 702 426-62-23;

*** Открылось наследство после смерти гр. Артыкбаева Бахытжана Тоимбетовича, умершего 03.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дауыловой Ж.А. г.Шымкент, мкр.Нурсат, дом 166, офис 13. Тел.: 8 701 749-71-48;

*** Открылось наследство после смерти гр. Камбарбекова Аскарбека Керимовича, умершего 09.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дауыловой Ж.А. г.Шымкент, мкр.Нурсат, №166, офис 13. Тел.: 8 701 749-71-48;

*** Открылось наследство после смерти гр. Махмутжа-

нова Гуламжана Сабиржановича, умершего 14.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент, ул.Калдаякова, №8, н/п 7. Тел.: 8 776 223-64-50;

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдикадырова Марата Мейрбековича, умершего 07.12.2001 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент, пр. Абая, №11. Тел.: 8 701 505-88-98;

*** Открылось наследство после смерти гр. Журавлева Игоря Раимтаевича, умершего 12.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент, пр.Республики, №21-34. Тел.: 8 707 616-49-34;

*** Открылось наследство после смерти гр. Байчимиров Алимбай Асильбекович, умершего 15.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Сарыбаев Т.М. г.Шымкент, Жібек жолы, №37/1. Тел.: 8 701 747-62-24;

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурмахановой Карлыгаш Тайповны, умершей 25.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Әліпбек Д.С. г.Шымкент, пр.Республики, №24. Тел.: 8 701 744-10-11;

*** Открылось наследство после смерти гр. Сапараликызы Аяулым, умершей 23.10.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дауыловой Ж.А. г.Шымкент, мкр. Нурсат, №166, офис 13. Тел.: 8 701 749-71-48;

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахметова Алимжана Азисхановича, умершего 21.05.2022 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент, ул.Мадели кожа, зд. 1 Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705 682-20-75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Утабаевой Зулмиры Саитовны, умершей 07.06.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент, ул.Калдаякова, №8, н/п 7. Тел.: 8 776 223-64-50;

*** Открылось наследство после смерти гр. Смахова Марата Данияровича, умершего 09.05.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабае-

вой Л.К. г.Шымкент, ул.Желтоксан, 20-Б, каб. 111.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ашкапова Сергея Владимировича, умершего 04.03.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент, ул.Калдаякова, №8, н/п 7. Тел.: 8 776 223-64-50;

*** Открылось наследство после смерти гр. Куанбекова Балтабая Байзаковича, умершего 21.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент, ул.Желтоксан, 20-Б, каб. 111.

*** Открылось наследство после смерти гр. Лозиной Тамары Даниловны, умершей 08.03.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент, ул.Г.Иляева, №4, кв. 81. Тел.: 8 701 727-45-71;

*** Открылось наследство после смерти гр. Туленовой Ботакоз Сейтмаханбетовны, умершей 23.07.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент, ул.Мадели кожа, зд. 1 Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705 682-20-75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Айтурсеева Бекжаппара Каныбековича, умершего 14.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент, ул.Мадели кожа, зд. 1 Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705 682-20-75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Оралбаева Марата Рахимбердиевича, умершего 18.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент, ул.Мадели кожа, зд. 1 Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705 682-20-75;

*** Открылось наследство после смерти гр. Асанкуловой Али Тойлыбайкызы, умершей 30.01.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Дауыловой Ж.А. г.Шымкент, мкр.Нурсат, №166, офис 13. Тел.: 8 701 749-71-48;

*** Открылось наследство после смерти гр. Хайранова Ахята Абдуллаевича, умершего 13.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Тогызбаевой Г.Ж. г.Ленгер, ул.Толе би, №360. Тел.: 8 778 965-48-58;

Жарамсыз деп танылсын

*** Шымкент қалалық адвокаттар алқасының жеке дара адвокаты Даулетбаев Алтынбек Сатыбалдыұлының №636 санды қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерянные документы ТОО «АЕМ-COMPANY» БИН: 211140001681: иностранный бланк, разрешение для перевозки грузов Россия 3 страна №0296217 считать недействительными.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ХАМРО-АТА» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Игілік ауылы, 197 орам, 523 жер телімі мекенжайы бойынша май өңдеу зауытының құрылысы» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан об-ы, Мақтаарал а.о, Мақтаарал ау-ы, С.Жаштаев кө-і, 96 гимарат, өкімдік гимараты, акт залы.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 8 қыркүйек сағат 12:00-де.

Өсерету аймағының гео-лық коор-ы 40к52'17.9"N 68к29'24.4"E

Жобалық құжаттама пакетімен кДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар кДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентифика-торы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады тапсырыс беруші: «ХАМРО-АТА» АШӨК, Түркістан об-ы, Мақтаарал ау-ы, Атакент ау-ы, Ташкентская кө-і 4, cotton.makta@gmail.com, сым. 87023999969, BSN 160440029330.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖК Акылбекова Г.К, gulnaz.akylbekova91@mail.ru. ЖСН 911105401682, Шымкент қ, Достық м/а, Алаша хан кө-і 11, сым.87781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

СПК «ХАМРО-АТА» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Строительство маслоперерабатывающего цеха по адресу Туркестанская область, Мақтааральский район, с.о. Мактааральский, с. Игилик, кварт. 197, участок 523» Раздел «Охрана окружающей среды».

Место проведения: Туркестанская об-ть, с/о Мактаарал, Мактааральского ра-а, ул. С.Жаштаев 96 дом, здания акимата, актовый зал

Дата и время проведения: 08.09.2026 г., ч.12:00.

Территория воздействия 40к52'17.9"N 68к29'24.4"E

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик СПК «ХАМРО-АТА», Туркестанская обл., Мактааральский р-н, пос. Атакент, ул. Ташкентская дом-4, cotton.makta@gmail.com: 87023999969, БИН 160440029330.

Проектная организация ИП Акылбекова Г.К, gulnaz.akylbekova91@mail.ru. ИИН 911105401682, г.Шымкент, мкр.Достык, ул.Алаша хан 11, моб. 87781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр. Новый город, ул-ца 32, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

Ликвидация

*** ТОО "DROMOTRAN" объявляет о своей ликвидации БИН 210140010985, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Алматы Медеуский р/н мкр. Атырау дом 157.п/и 050019.

*** ТОО "Төңірберген Тур" объявляет о своей ликвидации БИН 190440007414, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Токаева 27 п/и 160011.

*** ТОО "Шахир" объявляет о своей ликви-

даций БИН 190140015395, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана р/н Сарыарка ул. Фахд Бен Абдул Азиз дом.19 п/и 020000.

*** ТОО "HONDO" объявляет о своей ликвидации БИН 240340033779, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана р/н Есиль ул. Алихан Бокейхан дом 15/1 кв. 383.п/и 010000.

*** ТОО "Сарыағаш Газ СервисШ" объявляет о своей ликвидации БИН 120540008641, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл. с.Абай ул.Рыскулова дом 33 п/и 160905.



Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ -
журналист


РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Г. Илев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мақаланың жариялану аясы толғанған.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Нөмірдің кезекші редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Жазылу

индексі

65836

Талсымы: №193
Таралымы: 5100

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ МАЙЛАРДЫҢ СЫРЫ



АСҚАБАҚ МАЙЫ

Асқабақ майы – асқабақ дәнінен алынатын өсімдік майы. Оның құрамында қанықпаған май қышқылдары, Е дәрумені, фитостеролдар, каротиноидтар және мырыш сияқты пайдалы заттар бар.

Негізгі пайдасы:

Жүрек-қантамыр жүйесіне пайдалы. Қанықпаған май қышқылдары мен фитостеролдар холестерин деңгейін жақсартуға және жүрек саулығын қолдауға ықпал етуі мүмкін.

Антиоксиданттық әсері бар. Е дәрумені мен каротиноидтар жасушаларды тотығу стрессінен қорғауға көмектеседі.

Қуықасты безінің денсаулығын қолдауы мүмкін. Кейбір зерттеулер асқабақ майы ер адамдардағы қуықасты безінің қатерсіз ұлғаюы кезіндегі кейбір белгілерді аздап жеңілдетуі мүмкін екенін көрсетеді, бірақ бұл емнің орнына жүрмейді.

Шаш пен теріге пайдалы. Құрамындағы май қышқылдары мен дәрумендер терінің ылғалдылығын сақтауға және шаштың саулығын қолдауға көмектесуі мүмкін.

Қабынуға қарсы әсері болуы мүмкін. Кейбір биологиялық белсенді қосылыстары ағзадағы қабыну үдерістерін төмендетуге ықпал етуі ықтимал.

Ас қорыту жүйесін қолдауы мүмкін. Кейбір адамдар оны ішек жұмысына оң әсер етеді деп пайдаланады, бірақ бұл бағыттағы дәлелдер шектеулі.

Қалай қолдануға болады?

Күніне шамамен 1–2 шай қасықтан салатқа қосып немесе дайын тағаммен бірге тұтынуга болады.

Оны жоғары температурада қуыруға қолданбаған дұрыс, өйткені қыздырғанда пайдалы қасиеттерінің бір бөлігі төмендеуі мүмкін.

Сақтық шаралары:

Майдың калориясы жоғары, сондықтан мөлшерін бақылаған жөн.

Асқабаққа немесе оның дәніне аллергиясы бар адамдарға қолдануға болмайды.

Егер өт қабы аурулары, созылмалы асқазан-ішек аурулары болса немесе қан сұйылтатын дәрілер қабылдап жүрсеңіз, тұрақты түрде қолданбас бұрын дәрігермен кеңескен дұрыс.

Асқабақ майы пайдалы тағамдық өнім болғанымен, оны белгілі бір аурулардың емі ретінде емес, теңгерімді тамақтанудың бір бөлігі ретінде қарастырған жөн.

ЗЫҒЫР МАЙЫ

Зығыр майы – зығыр тұқымынан алынатын өсімдік майы.

Ол әсіресе омега-3 (альфа-линолен қышқылы – ALA) мөлшерінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Жүрек саулығын қолдайды. Омега-3 май қышқылдары жүрек-қантамыр жүйесінің қалыпты жұмысына ықпал етіп, қан құрамындағы майлардың тепе-теңдігін сақтауға көмектесуі мүмкін.

Қабыну үдерістерін азайтуға ықпал етеді. Кейбір зерттеулер омега-3 май қышқылдарының ағзадағы қабыну белгілерін төмендетуге әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Ас қорыту жүйесіне пайдалы. Зығыр майы кейбір адамдарда іш қатуды жеңілдетуге көмектесуі мүмкін.

Тері мен шаштың саулығын қолдайды. Май қышқылдары терінің құрғауын азайтып, оның қорғаныш қызметін қолдауға ықпал етуі мүмкін.

Ми қызметін қолдайды. Омега-3 жүйке жүйесінің қалыпты қызметіне қажет, бірақ зығыр майындағы ALA ағзада EPA мен DHA-ға шектеулі мөлшерде ғана айналады.

Антиоксиданттық әсері бар. Зығыр тұқымынан алынатын кейбір өнімдерде жасушаларды тотығу стрессінен қорғауға көмектесетін қосылыстар болады.

Қалай қолданған дұрыс?

Күніне 1 ас қасыққа дейін тағамға (салат, ботқа, айран, йогурт) қосып тұтынуга болады.

Жоғары температурада қуыруға пайдаланбаған жөн, өйткені омега-3 май қышқылдары қыздырғанда тез бұзылады.

Сақтау ережесі

Қара шыны бөтелкеде сақталғаны дұрыс.

Ашылғаннан кейін тоңазытқышта сақтап, әдетте 1–2 ай ішінде пайдалану ұсынылады.

Егер майдың иісі ащы немесе күйік иісті болып кетсе, оны қолданбаған дұрыс.

Кімдерге сақ болған жөн?

Қан сұйылтатын дәрілер қабылдайтын адамдар.

Жоспарланған операция алдында (дәрігермен кеңескен дұрыс).

Асқазан-ішек жолының кейбір аурулары бар адамдар.

Жүкті немесе бала емізетін әйелдер тұрақты түрде қоспа ретінде қолданбас бұрын дәрігермен кеңескені жөн.

Асқабақ майы мен зығыр майының айырмашылығы:

Зығыр майы – омега-3-ке өте бай, жүрек пен қан тамырларының саулығын қолдауға көбірек бағаланады.

Асқабақ майы – Е дәрумені, мырыш және фитостеролдарға бай, қуықасты безінің денсаулығын және антиоксиданттық қорғанысты қолдауға көбірек байланысты.

Екеуі де дұрыс тамақтанудың бір бөлігі бола алады, бірақ олардың ешқайсысы дәрі-дәрмектің орнына қолданылмайды.

ЗӘЙТҮН МАЙЫ

Зәйтүн майы – ең пайдалы өсімдік майларының бірі. Әсіресе extra virgin (суық сығымдалған) зәйтүн майы құрамындағы пайдалы заттарды көбірек сақтайды.

Зәйтүн майының пайдасы

Жүрек-қантамыр жүйесін қорғайды. Құрамындағы бір қанықпаған май қышқылдары (әсіресе олеин қышқылы) “жаман” LDL холестеринін төмендетуге және жүрек саулығын қолдауға көмектесуі мүмкін.

Антиоксиданттарға бай. Е дәрумені мен полифенолдар жасушаларды бос радикалдардың әсерінен қорғауға ықпал етеді.

Қабынуды азайтуға көмектесуі мүмкін. Кейбір зерттеулердегі деректерге сәйкес, зәйтүн майындағы қосылыстар созылмалы қабыну деңгейін төмендетуге әсер етуі мүмкін.

Ас қорытуға пайдалы. Кейбір адамдарда ішектің қалыпты жұмысын қолдауға көмектеседі.

Ми саулығын қолдайды. Жерорта теңізі үлгісіндегі тамақтанудың бір бөлігі ретінде зәйтүн майын тұтыну когнитивті денсаулықпен байланыстырылады.

Қант диабеті қаупін төмендетуге ықпал етуі мүмкін. Дұрыс тамақтану аясында инсулинге сезімталдықты жақсартуға көмектесуі ықтимал.

Қалай қолданған дұрыс?

Күніне 1–2 ас қасық мөлшерінде тұтынуга болады.

Салатқа, көкөністерге, ботқаға немесе дайын тағамдарға қосуға өте қолайлы.

Extra virgin зәйтүн майын көбіне салқын тағамдарға қолданады. Орташа температурада пісіруге де болады, бірақ өте жоғары температурада ұзақ қыздыру ұсынылмайды.

Сақтау ережесі

Қара шыны бөтелкеде, жарық пен ыстықтан алыс жерде сақтаңыз.

Қақпағын әрдайым мықтап жауып қойған жөн.

Қайсысы пайдалырақ?

Егер біреуін ғана таңдау керек болса:

Жалпы денсаулық пен күнделікті тамақтану үшін – зәйтүн майы ең жақсы таңдау. Оның пайдасы көптеген сапалы ғылыми зерттеулерде жақсырақ дәлелденген.

Омега-3 мөлшерін арттыру үшін – зығыр майы тиімді.

Е дәрумені мен фитостеролдар үшін –

асқабақ майы жақсы нұсқа.

Көптеген диетологтар күнделікті рационда негізгі май ретінде extra virgin зәйтүн майын, ал зығыр немесе асқабақ майын қосымша ретінде пайдалануды ұсынады.

АВОКАДО МАЙЫ

Авокадо майының денсаулыққа және теріге бірнеше пайдалы қасиеттері бар:

Жүрек денсаулығын қолдайды. Құрамында қанықпаған май қышқылдары (әсіресе олеин қышқылы) көп, олар “жаман” LDL холестеринін төмендетуге және “жақсы” HDL холестеринін сақтауға көмектесуі мүмкін.

Антиоксиданттарға бай. Құрамындағы Е дәрумені мен басқа антиоксиданттар жасушаларды тотығу зақымынан қорғауға ықпал етеді.

Теріні ылғалдандырады. Теріні жұмсартып, құрғақтықты азайтуға көмектеседі. Сондықтан косметикалық өнімдерде жиі қолданылады.

Шаш күтіміне пайдалы. Шашты ылғалдандырып, сынғыштықты азайтуға және жылтырлық беруге көмектесуі мүмкін.

Қабынуға қарсы әсері болуы мүмкін. Құрамындағы пайдалы майлар ағзадағы кейбір қабыну процестерін азайтуға ықпал етуі мүмкін.

Дәрумендердің сіңуін жақсартады. Майда еритін А, D, Е және К дәрумендерінің тағамнан жақсырақ сіңуіне көмектеседі.

Қалай қолдануға болады?

Тағамға: Салаттарға, көкөністерге қосуға немесе дайын тағамның үстіне құюға болады. Жоғары температураға салыстырмалы түрде төзімді болғандықтан, кейбір тағамдарды қуыруға да жарайды.

Теріге: Жұқа қабатпен құрғақ жерлерге жағуға болады.

Шашқа: Маска ретінде 20–30 минут жағып, кейін сусабынмен жууға болады.

Назар аударатын жайттар

Авокадо майы калориясы жоғары, сондықтан оны мөлшермен тұтынған дұрыс. Авокадоға аллергиясы бар адамдарға сақтық қажет.

Егер сізде созылмалы аурулар болса немесе қан сұйылтатын дәрілер қабылдап жүрсеңіз, оны тұрақты түрде көп мөлшерде қолданбас бұрын дәрігермен кеңескен жөн.

Тұтастай алғанда, авокадо майы дұрыс тамақтанудың бір бөлігі ретінде де, тері мен шаш күтімінде де пайдалы өнім болып саналады.

САРЫ МАЙ

Сары май – табиғи сүт өнімінен алынатын май. Оны мөлшермен тұтынғанда пайдалы қоректік заттардың көзі бола алады.

Сары майдың пайдасы:

Энергия көзі. Құрамындағы май ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді.

Майда еритін дәрумендерге бай. А, D, Е және К дәрумендері бар, олар көздің көруіне, иммундық жүйеге және сүйек денсаулығына маңызды.

А дәруменінің көзі. Көру қабілеті мен тері саулығын қолдауға көмектеседі.

Қанықтырады. Майдың арқасында тоқтық сезімін ұзақ сақтауға ықпал етеді. Дәм мен тағамның құнарлылығын арттырады.

Мөлшеріне назар аудару керек:

Сары майдың құрамында қаныққан майлар көп. Оны шамадан тыс тұтыну кейбір адамдарда қандағы LDL (“жаман”) холестерин деңгейінің жоғарылауына әсер етуі мүмкін.

Сондықтан сары майды теңгерімді тамақтанудың бір бөлігі ретінде, мөлшермен қолданған дұрыс.

Егер сізде жүрек-қантамыр аурулары, холестериннің жоғары деңгейі немесе басқа созылмалы аурулар болса, сары майды тұтыну мөлшері туралы дәрігермен немесе диетологпен кеңескен жөн.

Қысқаша айтқанда, сары май пайдалы дәрумендер мен энергия көзі бола алады, бірақ оның пайдасы оны шамадан тыс емес, қалыпты мөлшерде тұтынғанда көбірек байқалады.

ДӘРІГЕР ЖАЗДА ҚАРБЫЗ БЕН НАНДЫ БІРГЕ ЖЕУДІҢ ҚАУПІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТТІ

Ресейлік диетолог Дарья Русакова қарбыз бен нанды қатар тұтынудың ықтимал зияны туралы айтты.

Zakon.kz сайтының хабарлауынша, мұндай тағам үйлесімі іштің кебуіне, ішекте ашу процестерінің күшеюіне, сондай-ақ үйқыбезге артық жүктеме түсіріп, қандағы қант деңгейінің көтерілуіне себеп болуы мүмкін.

Дәрігер «Абзац» (Abzats) басылымына берген сұхбатында қарбызды нанмен бірге жеу ағзаға фруктоза мен көмірсулардың шамадан тыс мөлшерде түсуіне әкелетінін атап өтті.

Оның айтуынша, глюкозаны сіңіру қабілеті бұзылған адамдарда гликемиялық индексі жоғары мұндай тағам үйлесімі қандағы қант деңгейінің күрт көтерілуіне түрткі болуы ықтимал.

Сондай-ақ талшық пен қарапайым көмірсулардың шамадан тыс мөлшері іштің кебуіне, газдың жиналуына және ішекте ашу процестерінің күшеюіне әкелуі мүмкін. Ал бұған бейімділігі бар адамдарда үйқыбезге қосымша жүктеме түсіруі ықтимал.

Маман қант диабеті, инсулинге төзімділік, глюкозаны сіңіру қабілетінің бұзылуы, сондай-ақ асқазан-ішек жолдары, жүрек-қан тамырлары жүйесі немесе бүйрек аурулары бар адамдарға мұндай тағам үйлесімінен бас тартуға кеңес берді. Маман соя тұздығында маринадталған қарбыздың құрамындағы натрийдің көп болуы ағзада сұйықтықтың жиналуына ықпал етуі мүмкін екенін айтты. Сондықтан мұндай өнімді ісінуге немесе гипертонияға бейім адамдарға тұтыну ұсынылмайды.

Ал ресейлік дәрігер Вера Сережина қарбыздың артық салмақ пен қант диабетімен ауырып жүргендерге қарсы көрсеткіші бар екендігін айтты, деп хабарлайды Zakon.kz, “Сонымен қатар, жедел панкреатит, ұйқы безінің аурулары, метеоризм және диарея сияқты асқазан-ішек жолдары проблемалары бар адамдарға қарбыз мен қауын ұсынылмайды”, – деді дәрігер РИАМО-ға берген сұхбатында.

Сережина қарбыз мен қауынның диуретикалық әсері бар екенін айтты, сондықтан оларды зәр шығару жүйесінің мүшелерімен проблемалар туындаған кезде қолдану дұрыс еместігін ескертті – мысалы, бүйрек аурулары мен тас болса, энурез, зәр шығаруды ұстамау, простата аденомасы, сондай-ақ аритмия аурулары кезінде. Жаңалық сипатындағы материалдарды дәрігердің тағайындауымен теңестіруге болмайды. Шешім қабылдамас бұрын маманмен кеңесіңіз.